

7 Тарау. КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТИҢ АКТИВТІ ЖӘНЕ ПАССИВТІ ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ТӘУЕКЕЛДІЛІГІ

7.1 Банктің пассивті операцияларының тәуекелділігі

Банктік операциялардың сипатына байланысты тәуекелдер. Банктік операциялардың сипатына қарай тәуекелдер баланстық немесе баланстан тыс операциялардың ерекшелігімен байланысты болуы мүмкін; бұлардың екеуі де активті және пассивті операциялардың тәуекелі деп ажыратылады.

Пассивті операциялар тәуекелі. Банктік іс технологиясы балансы бойынша коммерциялық банк операцияларының махмұнын ашқан кезде ғана толық түсінікті болады. Бұл жерде пассивті операцияларға басты рөл беріледі. Бұл операциялар банктік іс үшін көздер жасайтындығымен, сонымен қатар міндеттемелер бойынша банк жауапкершілігін арттыратындығымен айтарлықтай маңызды болып табылады.

Пассивті операциялар ретінде коммерциялық банктің нәтижесінде артынша актив бойынша қолданылатын банктік ресурстарды қалыптастыру бойынша банкке қаражаттар тартылатын операциялар түсіндіріледі. Ал банк активтерінің көлемі мен құрылымы олар қалыптасқан қаражаттар көзімен, яғни банк пассивтерімен анықталады.

Банк пассивтерін қалыптастыру үдерісі, олардың құрылымын оңтайландыру, және де осыған байланысты ресурстық потенциалды құрайтын барлық ақша қаражаттарын басқару сапасы банк қызметіндегі негізгі мәселелер болып табылады. Тұрақты ресурстық база банкке активті операцияларды сәтті жүргізуге мүмкіндік береді.

Банкпен пассивті операциялар жүргізу нәтижесінде банктік капиталдан және тартылған қаражаттардан тұратын банктік ресурстар қалыптасады.

Меншікті капитал – бұл кез келген шаруашылық субъектісінің қаржылық ресурстарының маңызды бөлігі. Ол жарғылық, резервтік қорлардан, резервтерден және бөлінбеген пайдадан тұрады. Коммерциялық банктердің меншікті капиталының көлемі мен рөлі қызметтің басқа түрлерімен айналысатын өзге шаруашылық субъектілерінен ажырататын ерекшеліктерге ие. Мұндағы айырмашылық банктер меншікті капитал есебінен қаражаттарға деген қажеттіліктің 100%-ға жуық бөлігін, ал қалған субъекттер 40-55%-ын қамтамасыз ететіндігінде. Меншікті капитал банктік қызмет ету шекарасын анықтайды, оның қаржылық тұрақтылық деңгейін көрсетеді.

Банкті құрудың бастапқы кезеңінде дәл осы меншікті қаражаттар бірінші реттік шығындарды жабады. онсыз банк өз қызметін бастай алмайды.

Тартылған қаражаттар банктік ресурстар құрылымында негізгі орынға ие, олардың есебінен активті операцияларды жүргізу үшін қажетті ақшалай ресурстардың 90%-ы жабылады. Банктік тәжірибеде барлық тартылған қаражаттар олардың аккумуляциялану тәсілі бойынша депозиттерге және банктер өзге банкттерден займ ретінде немесе меншікті қарыздық міндеттемелерді ақша нарығында сату жолымен алатын өзге де тартылған қаражаттарға бөлінеді.

Тартылған ресурстардағы негізгі үлесті депозиттер құрайды. Депозиттік операциялар – бұл қайтару және сыйақы беру шартында заңды және жеке тұлғалардың ақша қаражаттарын тарту бойынша банкттердің операциялары.

Депозиттерді экономикалық мазмұны бойынша 3 топқа біріктіруге болды:

- Талап етілгенге дейінгі депозиттер – бұл қайтару мерзімі келісілмеген депозиттер, яғни мерзімсіз, депозитордың бірінші реттік талабына сай толығымен немесе белгілі бір бөліктерімен қайтарылады;

- Жедел депозиттер – бұл белгілі бір қайтару мезіміне ие депозиттер.

- Жинақтаушы салымдар – бұл салымшыға жинақтаушы кітапша беретін жеке тұлғалардың салымдары. Жинақтаушы салымдардың көптеген түрлері бар: бағалы қағаздарға салымдар (депозиттік салымдар, банктік вексельдер, валюталық вексельдер).

Тарихта коммерциялық банктер тәжірибесінде пассивті операцияларға анықтаушы ретінде қараған, себебі ресурстардың жеткіліктілігі активті операциялар жасауға мүмкіндік береді. Коммерциялық банк балансының пассиві бойынша ресурстардың қалыптасуының келесідей көздерін көрсетуге болады:

- Салымдарды (депозиттерді) қабылдау;

- Клиенттердің шоттарын ашу және жүргізу, оның ішінде корреспондент-банкттердің;

- Меншікті бағалы қағаздарды (акциялар, облигациялар), қаржылық құралдарды (вексельдер, депозиттік және жинақтық сертификаттар) шығару;

- Банкаралық несиелік ресурстарды алу.

Көрсетілген пассив баптарын қысқаша сипаттайтын болсақ – салымдар (депозиттер) қолма-қол нысанда, ұлттық (шетелдік) валютада келесідей белгілері бойынша ажыратылады:

- Жеке және заңды тұлғалардың;

- Талап етілгенге дейінгі немесе келісім мерзімі бойынша;
- Банк үшін тұрақты немесе тұрақсыз.

Клиенттер (заңды тұлғалар) әрқашанда активті операциялар үшін қолданылатын орташа қалдықтар (кредиттік сальдо) қалатын банкте есеп шоттар ашады.

Банктің жинақтаушы сертификаттары, вексельдері, акциялары және облигациялары дамыған, ірі (корпоративтік) банктердің пассивінде маңызды орынға ие, және де барлық елдерде банктер бұл көзді дамытуда.

Коммерциялық банктер ресурстарды жедел тарту үшін ақша қаражаттарының саудасы жүретін банкаралық ресурстар нарығының мүмкіндіктерін пайдаланады. Қарыздық көздер баланстың төлем қабілеттілігін қолдау және міндеттемелердің үздіксіз орындалуын қамтамасыз ету үшін қызмет етеді. Банктер бір-біріне корреспонденттік шоттар ашады және келісімдік шарттарға сәйкес бүкіл банктік жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ақша саатады. Егер де орталықтандырылған несиелер коммерциялық банктерге беріліп және кредитор (сатушы) Орталық банк (Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі) болса, онда макроэкономикалық тұрақтылыққа байланысты өзгеріп отыратын қайта қаржыландыру мөлшерлемесі қолданылады. Банкаралық несиесі кезінде коммерциялық банктер қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне қарағанда жоғарырақ мөлшерлеме белгілейді.

Пассив бойынша көздердің құрылымын жалпылау кезінде банктің келесідей ресурстарын бөліп көрсетуге болады:

- Меншікті капитал (банк қорлары);
- Тартылған ресурстар (салымдар, депозиттер);
- Қарыздық көздер (банкаралық ссудалар).

Дәл осы пассивті операциялардың көмегімен банк активті банктік операциялар жүргізу үшін өзінің ресурстарын реттейді. Коммерциялық банктердің пассивті операцияларына меншікті капиталды қалыптастыру (арттыру) кезіндегі пайдадан аударымдарды; өзге заңды тұлғалардан алынған несиелер шамасын; депозиттік операцияларды жатқызады. Пассивті операциялардың тек қана бірінші тобы банктердің меншікті қаражаттарын қалыптастырады. Басқа заңды тұлғалардан банктік ссудаларды алу көбінесе банк балансының өтімділігін жедел реттеу немесе күтілмеген несиелер беру үшін қажет.

Депозиттік операциялар – бұл заңды және/немесе жеке тұлғалардың қаражаттарын талап етілгенге дейінгі немесе белгілі бір мерзімге салымдарға тарту бойынша операциялар. Депозиттер жедел, талап етілгенге дейін жеке тұлғалардың жинақтық салымдары, бағалы қағаздар түрінде болуы мүмкін. Пассивті операциялардың тәуекелдері

активті операцияларды ресурстармен қамтамасыз етудегі мүмкін болатын қиындықтармен байланысты. Көбінесе бұл, салымшыны (бір өндіруші, немесе «туыстас компаниялардың» тобы) анықтайтын қызметтің тиімділігімен байланысты. Депозиттерді қалыптастыру бойынша тәуекелді азайту үшін банктерге пассивті және активті операциялар, яғни банкке кәсіпорындардың салымдары мен бір банктермен басқа банктерге орналастырған салымдар арасындағы оңтайлы ара қатынасты сақтау; жедел құралдар сапасының деңгейін арттыру үшін сақтау үшін тартылатын бағалы қағаздардың көлемі мен өтімділігін анықтау; меншікті қаражаттар мен тәуекелді активтердің мақсатты минималды ара қатынасын табу қажет.

7.2 Банктің активті операцияларының тәуекелділігі

Табыс табу және өтімділікті қамтамасыз ету мақсатымен жинақталған банк ресурстарын орналастыру оның активті операцияларының мазмұнын анықтайды.

Банк активтерін басқару максималды табыс пен минималды тәуекелге ұмтылу арасындағы объективті қажетті тепе-теңдікті әрқашан қолдау үшін меншікті және тартылған қаражаттарды орналастыру ретін білдіреді.

Коммерциялық банктің активті операциялары оның активтер құрылымына, тәуекелді активтер көлеміне, активті операциялар мен өтімділікті әртараптандыруға тәуелді операцияларының айтарлықтай және анықтаушы бөлігін құрайды. Банк активтерін 4 категорияға бөлуге болады:

- Кассалық қолма-қол ақша;
- Бағалы қағаздарға инвестициялар;
- Ссудалар;
- Ғимараттар мен құрылыстар.

Коммерциялық банк активтерінің бірінші категориясы – кассалық қолма-қол ақша жоғары дәрежелі өтімділікке ие, сонымен қатар табыс әкелмейтін топ болып табылады. Активтердің екінші және үшінші категориялары табысты, бірақ жоғары тәуекелді болып табылады. Төртіншісі – ғимараттар мен құрылыстар өтімді емес, әрі табысты емес активтер ретінде түсіндіріледі.

Банк активтерін құрамы мен құрылымы тарапынан зерттеледі. Әрбір банкте активтердің рационалды құрылымын белгілеу мен сақтау кезінде қиындықтар туындайды. Активтердің рационалды құрылымын белгілей отырып, банктер өтімділікке қойылатын талаптарды орындауы, яғни мерзімін, сомаларын және типтерін есепке алғандағы міндеттемеге

катысы бойынша жоғары өтімді және өтімділігі төмен қаражаттардың жеткілікті көлеміне ие болуы тиіс.

Активтердің сапасы олардың өтімділігімен, тәуекелді активтердің көлемімен, қауіпті және толыққанды емес активтердің үлестік мөлшерімен, табыс әкелуші активтер көлемімен анықталады.

Банк активтерін басқарудың негізгі мәселесі банк өтімділігі мен табыстылығы арасындағы оңтайлы ара қатынасты қолдау міндеті болып табылады. Сонымен, өтімділік активтерді ақшаға тез айналдыру бойынша және уақытылы, толығымен бірінші рет талап етілгеннен кейін активтерді қолдану есебінен қолма қол ақша төлеу бойынша банк қабілеттілігін білдіреді.

Банкте сақталатын активтердің өтімділігі жоғары болған сайын олармен байланысты тәуекел де төмен болады, бірақ соған сәйкес бұл активтерден алынатын табыс та азаяды. Банкті басқару өнері өтімділікті төмендетпей сәйкесінше, төлем қабілеттілігін талап етілген дәрежеде ұстай отырып активтерге салынған капиталға пайданың барынша жоғары нормасын қамтамасыз етуден құралады.

Активтерді басқару кезінде маңызды қағидаларды сақтаған жөн:

- Активті операциялар жүргізу кезінде үнемділікке қол жеткізу;
- Тәуекел нормасы шегіндегі операциялар;
- Активті және пассивті құралдардың баланстылығы;
- Табыстылықтың қамтамасыз етілуі.

Сыныптылық пен өтімділік дәрежесі бойынша активтерді жіктеу келесідей түрде болады:

• Банктік қасалық қолма қол ақша (касса, корреспонденциялық шот, Орталық банктегі ағымдағы шот);

• Бірінші сыныптағы бағалы қағаздар (айналымдағы коммерциялық вексельдер, Мемлекеттік қазынашылық вексельдер, Мемлекеттік облигациялар);

• Банктік несиелер (қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді);

• Мерзімі өтіп кеткен ссудалар (мерзімінде қайтарылмағандар, 2 немесе одан да көп рет ұзартылған);

• Жылжымайтын мүлік (ғимараттар, жабдықтар және т.б.).

Банк активтерін басқару кезінде портфель түрі мен әрбір портфель мазмұны бойынша меншікті банк портфелінің мазмұнын талдайды. Банктік портфель баланстың барлық аутив пассив жақтарының жағдайын сипаттайды.

Мысалы, несиелік портфельді талдау кезінде келесілерді анықтаған жөн: мерзімді несиелер немесе мерзімінде өтелмеген несиелер; қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді; қалыпты немесе мәселелі несиелер.

Коммерциялық банк активтерінің тұрақтылығының негізгі көрсеткіші активтердің өтімділігі болып табылады. Бұл көлемді кешенді көрсеткіш. Өтімділік көрсеткіштері тәжірибеде банктердің өзі кеңінен қолданатын коэффициенттер арқылы өлшенеді.

Активтер өтімділігінің негізгі талабы активті баптардың пассивті баптарға үйлесімді қатынаста болуына қол жеткізу болып табылады. Егер банк активтерінің өтімділігі деңгейден төмен болса, онда себептер мен түсіндірмелерді банктің өзінің қаржылық есептілігінен, менеджерлерден сұрау арқылы іздеген жөн.

Коммерциялық банктер мынадай мағынаны білдіретін активтердің сапасын қамтамасыз етеді: несиелерді қайтаруды қамтамасыз ету; табыс алу және шығындарды жабу қабілеттілігі; несиелік портфель құрамын әртараптыңдыру.

Әлемдік тәжірибеде активтерді басқарудың келесідей әдістері бар:

- Қаражаттардың ортақ қоры әдісі – өтімділік пен табыстылық қағидаарын бірдей сақтау;
- Конверсия әдісі – активті қаражаттарды банк балансының пассивіндегі қаражаттарды орналастыруға сәйкес ауыстыру. Мұнда активтер ара қатынастарында менеджер өзгерістер жүргізуі қажет.
- ЭЕМ қолдану және коэффициенттерді есептеу арқылы жүргізілетін ғылыми әдіс.

Активті операциялар тәуекелдері банктер өз қызметі шегінде үнемі жолығатын пайыздық тәуекелдер аталатын деңгеймен байланысты. Пайыздық тәуекелді басқару активтерді (несиелер мен инвестициялар) және пассивтерді (қарыздық құралдар) басқарудан тұрады.

Активтерді басқару банктің өзінің және оның клиенттерінің бағалы қағаздар портфелінің өтімділік деңгейіне, сонымен қатар бар бәсекелестік (бағалық және бағалық емес) деңгейіне, ал пассивтерді басқару ссудалар беру үшін қаражаттардың болуына тәуелді.

Портфельді тәуекел жеке бағалы қағаздардың типтері бойынша, сонымен қатар ссудалардың барлық категориялары бойынша жоғалту ықтималдықтарының болуында көрініс табады. Портфельдік тәуекелдер қаржылық, өтімділік тәуекелдері, жүйелік және жүйелік емес деп жіктеледі. Банктер, АҚ-дар, кәсіпорындар, сонымен қатар біріккен банктердің қарыздық құралдары көп болған сайын олардың акционерлері мен құрылтайшылары үшін қаржылық тәуекел жоғары болады. Сонымен бірге қарыздық құралдар маңызды, әрі пайдалы қаржыландыру көзі болып табылады, себебі көбінесе қосымша бағалы қағаздар тиражын шығару және сатудан арзанырақ болады.

Өтімділік тәуекелі – бұл қаржылық активтердің жедел қолма қол түрге айналу қабілеттілігі. Орталық биржаларда акциялары айналатын ірі және беделді өндірушілер мен банктердің мұндай тәуекелі барынша төмен. Шағын фирмалар – жаңадан құрылғандар, венчурлық фирмалар бұл жағынан қауіптірек жағдайда болады. Берілген жағдайда делдалдарды таңдауға ерекше мән берген жөн. Қаржылық делдалдардың негізгі түрлері, олардың құқықтары мен міндеттерінің ерекшелігі банктің іскерлік белсенділігіне үлкен әсер етеді. Олардың дұрыс таңдалуы тәуекелдің барлық түрлерінің деңгейіне ықпал етеді.

Жүйелік тәуекел акцияларға бағалардың өзгеруіне, олардың табыстылығына, ағымдағы және күтілетін облигациялар бойынша пайызға, жалпы нарықтық ауытқулардың әсерінен болатын қосымша пайда мен күтілетін дивиденд мөлшеріне тәуелді. Ол пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелін, жалпы нарықтық бағалардың өзгеру тәуекелін және инфляция тәуекелін біріктіреді. Барынша дәл болжауға болады, себебі акцияның биржалық бағамы мен жалпы нарық жағдайы арасындағы байланыс (корреляция) тығыздығы үнемі және сенімді түрде әр түрлі биржалық индекстермен тіркеліп отырады.

Жүйелік емес тәуекел нарық жағдайына тәуелді емес және нақыт кәсіпорынның, бантің ерекшелігі болып табылады. Ол салалық және қаржылық болуы мүмкін. Жүйелік емес портфельдік тәуекел деңгейіне әсер ететін негізгі факторлар қаржылық ресурстарды салудың балама салаларының болуы, тауарлы және қор нарықтарының конъюктурасы және басқалар болып табылады. Жүйелік және жүйелік емес тәуекелдердің жиынтығын инвестициялар тәуекелі деп атайды.

Жалпы нарықтық бағалардың құлдырау тәуекелі – бұл қандай да бір қаржылық активтер бойынша алынбай қалатын табыс. Көбінесе ол бағалы қағаздардың құлдырауымен бірге болады.

Инфляция тәуекелі – бұл салалардың өмірлік циклімен байланысты анықталатын тәуекел. Салалардың дамуына әсер ететін негізгі факторлар келесілер:

А) бір жағынан әлемдегі, жеке аймақтар, елдер, нарықтар бойынша жалпы экономикалық тұрақсыздықпен, екінші жағынан, ресурстарға бағаның өсуімен байланысты экономиканың бағытының өзгеруі;

Б) өткізудің ішкі және әлемдік нарықтарындағы сұраныстың өзгеруі;

В) өркениеттің жалпы тарихи дамуы.

Несиелік тәуекел. Тәуекелдің бұл түрі бірдей деңгейде банктерге, сонымен бірге клиенттерге де қатысты және өнеркәсіптік (өндірістің) құлдырау ықтималдығымен немесе белгілі бір саланың өнімінің

сұранысына байланысты) болуы мүмкін; реттеу мен жеткізу тәуекелі қандай да бір себептермен келісім шарттық қатынастардың орындалмауымен шарттастырылған; ресурс түрлерінің трансформациясымен байланысты, және форс мажорлы жағдайлар тәуекелі.

Қарыз алушыларға несие беру тәуекелі берілетін несиенің түрін байланысты. Несиені беру мерзіміне байланысты қысқа, орта және ұзақ мерзімді; қамтамасыз ету түріне байланысты – қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген, бұлар өз кезегінде персоналды және банктік бола алады; кредиторлардың ерекшелігіне байланысты – банктік, мемлекеттік, коммерциялық (фирмалық), сактандыру компанияларының және жеке тұлғалардың несиелері, клубтық (кредиторлар санышектеулі) және ашық (оған кез келген банк немесе кәсіпорын қатыса алады) деп құрамдастырылатын консонционалды; дебиторлар түріне байланысты – ауыл шаруашылық, өнеркәсіптік, коммуналдық, персоналды; пайдалану бағытына байланысты – тұтынушылық, өнеркәсіптік, айналым қаражаттарын қалыптастыратын, инвестициялық, маусымдық, уақытша қаржылық қиындықтарды жою үшін, аралық, бағалы қағаздармен операциялар үшін, импорттық және экспорттық; көлемі бойынша – шағын, орта, ірі; ұсыну тәсілі бойынша – вексельдік, ашық шоттар көмегімен, маусымдық, консигнация.

Несиелеудің тәуекелін азайтудың негізгі әдісі қарыз алушылардың несие және төлем қабілеттіліктерін талдау болып табылады. Сонымен қатар банк кепілдік талап ете алады. Банкке кепілдік сапасын, оның өтімділік деңгейін, оның нарықтық құнымен несие көлемі ара қатынасын бақылау қажет.

Бақылау сұрақтары

1. Тәуекелдің сапалы талдауының мәнділігі неде?
2. Тәуекелдің сандық талдауы өз алдына нені береді және оның күрделілігі неде?
3. Тәуекел дәрежеснің өсуіне қандай факторлар әсер етеді? Қайсысы объектілікке, ал қайсысы субъектілікке жатады?
4. Тәуекел аймағы деген не?
5. Тәуекелдің жіберілетін, дағдарысты және апаттық аймағын сипаттаңыз.